

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА

Ортопедиялық стоматология пропедевтикасының модулі

# *Орталық окклюдияны анықтау*

*Орындаған: Қазезқанов Е.*

*Топ: ст.12-002-01*

*Тексерген: Есіркепов А.*

# Жоспар:

- Окклюзия, оның түрлері;
- Окклюзияның маңызы;
- Орталық окклюзияны анықтаудың түрлері;
- Қорытынды.

▣ **Окклюзия** бұл – тіс қатарының не қарсы тістердің жеке топтарының қабысуы.



# Окклюзияның түрлері

**Статикалық**


Жақтарды түйістірген жағдайдағы тістердің арақатынасы

**Динамикалық**

Жақтарды қозғалтқан жағдайдағы тістердің арақатынасы

# Статикалық окклюзияның түрлері

- ❖ Орталық (алдынан қарағанда);
- ❖ Орталық (артынан қарағанда);
- ❖ Алдыңғы;
- ❖ Бүйірлі (оң және сол жақ).



□ **Орталық окклюзия** бұл – тістердің жанасу нүктелері санының максималды түйісуін айтады. Бұл уақытта беттің орталық сызығы екі күрек тістер арасындағы сызықпен өтеді, төменгі жақтың буын басы буын төмпешігінің ылдиында орналасады. Бұл кезеңде бір уақытта және біркелкі төменгі жақты көтеруші бұлшық еттердің жиырылуы салдарынан болады.



▣ **Алдыңғы окклюзия** — төменгі жақ жоғарғы күрек тістермен максималды түйісу үшін алдыға жылжуынан туындайды. Ол үшін латеральді қанат тәрізді бұлшық еттер екі жақтан жиырылады. Қалыптағы тістемде беттің орта сызығы орталық окклюзия кезіндегідей күрек тістері арасымен өтетін орта сызыққа сай келеді. Төменгі жақ сүйектерінің бастары бұл кезде алға ығысып, буын төбешіктері ұшына жақын орналасады.





- ▣ **Бүйірлі (оң, сол) окклюзия** — төменгі жақтың оңға немесе солға жылжуынан пайда болады. Төменгі жақ сүйегі басы ығысу жағында сәл айналып, буын төбешігі негізінде қалады, ал қарсы жақта ол буын төбешігінің ұшына қарай ығысады. Бүйірлік окклюзия ығысуға қарама қарсы жақтағы латеральді қанат тәрізді бұлшық еттің бір жақты жиырылуымен жүреді.



□ **Артқы окклюзия** төменгі жақ сүйегінің орталық орнынан дорзальды ығысуы кезінде пайда болады. Бұл кезде төменгі жақ сүйегінің бастары дистальді және жоғары ығысады, самай бұлшық еттерінің артқы байламы керіліп тұрады. Осы орыннан төменгі жақ сүйегінің бүйірлік ығысуы мүмкін емес. Төменгі жақ сүйегін оңға не солға ығыстыру үшін, оны алдымен алға орталық не алғы окклюзия шығару керек.

# Орталық окклюзияны анықтау

- 1. Окклюзиялық білігі бар балауызды негізге технологиялық сапа беру: балауызды біліктің ені фронтальды бөлікте 0,8-1 см, бүйір бөлікте 1-1,5 см болуы керек. Биіктігі табиғи тістерден 1,2-1,5 мм биік тұруы қажет. Балауызды негіз өтпелі қатпарға 1-2 мм жетпеуі қажет, өткір қырлары болмауы қажет, протез жататын орнын қайталау керек.
- 2. Балауызды негізбен окклюзиялық білікті медикаментозды өңдеу ауыз қуысына дайындау.
- 3. Балауызды негізді құрылымды алдымен жоғары жаққа, кейін төменгі жаққа шақтап көру.

- 4. Біліктің артық жерін түйіскенше алып, жетпеген жеріне қосамыз.
- 5. Науқасқа тілін таңдайына тигізу арқылы, жоғарғы жақтың білігіне кілт жасап, төменгі жақтың білігіне пластинка орнатып оны қыздырылған шпательдің көмегімен білікті орталық окклюзия жағдайында бекітеміз.
- 6. Бекітілген орталық окклюзия жағдайындағы білікті, ауыз қуысынан шығарып, мүсінге орнатып зертханаға жібереміз.

# Орталық окклюзияны анықтаудың түрлері

- Антогонист тістері үш функционалды топта сақталған болса. Бұл кезде орталық окклюзияны балауызды біліксіз, окклюзиялық түйсудің максималды көп нүктеде екеніне байланысты.
- Антогонист тістер екі функционалды топта сақталған болса. Орталық окклюзияны анықтау үшін бұл әдісте, балауызды біліктердің көмегеімен жасалады.
- Ауыз қуысында тістері бар, бірақ антогонист тістердің болмауы. Бұл кезде орталық арақатынасқа байланысты анықтаймыз.

**Орталық окклюзия жағдайында төменгі жақты орналастырудың бірнеше түрі бар:**

□ **Функционалды әдіс.**

□ **Инструменталды әдіс:**

**Ларин аппараты немесе 2 сызғыштың көмегімен жасалады**

# **Окклюзияның маңызы:**

- ✓ **Ортопедиялық стоматологияда:** протездеу кезінде шайнау функциясын қалыптастыру үшін;
- ✓ **Ортодонтиялық стоматологияда:** окклюзиялық арақатынасын анықтау үшін ол емдеудің негізгі пункті болып саналады;
- ✓ **Хирургиялық стоматологияда:** жақ-бет операциясына жоспар құру үшін ;
- ✓ **Имплантологияда:** тіс имплантатының мөлшерін, пішінін, санын жоспарлау үшін шайнау қысымын анықтауда;
- ✓ **Пародонтологияда:** тіске қатты қысым түсуі пародонт ауруына әкеліп соғуы мүмкін.

# Қорытынды:

- Тістердің окклюзиясын білу және дұрыс анықтау, стоматологияның барлық саласында аса маңызды болып табылады. Ол арқылы қажетті диагнозды қойып, аурудың алдын алуға мүмкіндігіміз бар. Ал биомеханика, шайнау қысымының әсеріне тістердің қаншалықты төтеп бере алатынын көрсетеді. Ауыз қуысымыздағы әрбір тістеріміздің өзінше орны, қызметі бар. Сондықтан тістерімізді күтіп, сақтауға тырысайық.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Колесников Л.Л., Арутюнов С.Д., Лебедеико И.Ю. --- Анатомия и биомеханика зубочелюстной системы --- Практическая медицина, 2007. – 224 с.
- [www.google.kz](http://www.google.kz)
- 1. Гросс М. Д., Мэтьюс Дж. Д. Нормализация окклюзии = Gross M. D., Mathews J. D. Occlusion in restorative dentistry. Churchill livingstone, 1982.. — М.: Медицина, 1986. — 288 с.
- 2. Клинеберг И., Джагер Р. Окклюзия и клиническая практика. — 2-е изд.. — М.: МЕДпресс-информ, 2008. — 200 с. — [ISBN 5-98322-453-0](#).
- 3. Хватова В. А. Клиническая гнатология. — М.: Медицина, 2005. — 296 с.



**Назарларыңызға рахмет!**